

1991-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 Бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 21 мамырдағы N 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2353. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 635 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 N 635 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 651-бабына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Б. Жәмішев

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
N 635 бұйрығына*

2-қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

.

6. 1991-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 Бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 ж. 21 мамырдағы N 210 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2353 тіркелген, 2003 жылғы 19 шілдедегі N 29 (134) "Официальная газета" газетінде жарияланған).

.

25. ...

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 546-бабының 3-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 Бұйрығына (2002 жылдың 2 қазанында 1991 нөмірмен тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 4-5 сандарында жарияланған; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 7 қаңтарда NN 2108, 2109, 2110 нөмірлермен тіркелген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы NN 895 , 902 , 903 және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 сәуірде N 2226 нөмірмен тіркелген 2003 жылғы 27 наурыздағы N 143 бұйрықтарымен енгізілген толықтыруларымен) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімі мынадай мазмұндағы 74-тармақпен т о л ы қ т ы р с ы н :

"74. ШТРИХ-ФР-Ф-KZ"

2. Салық бақылауы басқармасы (А.Борамбаева) осы Бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Салық комитеті Төрағасының орынбасары Ә.Б.Базарбаеваға жүктелсін.

4. Осы Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға